

Бекітеші: *Мамыт* 16.10.23ж
 Әдіскер: *Майғамал* Ә.С.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Балдаурен» МДҰ

Топ: «Балапан» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 16-20.10.2023ж

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балалардың көңіл-күйін бақылау, дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимыл -ды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Доп" ойыны Шарты: балалар шеңберде, педагог шеңбер ортасында. Педагог допты балаға лақтырып "көкөніс" не "жеміс" дейді. Допты алған бала көкөніс не жеміс атауын атайды. (қоршаған ортамен танысу)	"Көлеңкесінен таны" ойыны Жемістер мен көкөністерді көлеңкесінен тану, атау. (қоршаған ортамен таныстыру) Д/О "Зат неге ұқсайды?" Шарты: бөлме ішіннен пішіндерге ұқсайтынын заттарды табу. (математика негіздері)	«Дыбысынан таны» ойыны Шарты: табиғат дыбыстарын тыңдау және атау (қоршаған ортамен таныстыру)	«Топтастыр» Шарты: балалар топтарға бөлініп аяқ киім, бас киім және киімдер суретін топтастырады. (қоршаған ортамен таныстыру)	«Мен бастаймын, сен қоста» ойыны Шарты: педагог таныс тақпақтың басын айтады, балалар жалғастыруы керек. (қазақ тілі)
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені №4				
Таңғы ас	Үлкендер еңбегін бағалауға үйрету. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Ботқаны тауысып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Жұмбақ шешейік" ойыны Жемістер мен көкөністер туралы жұмбақ шешу (қазақ тілі)	"Қуыршақ бол" ойыны Көңілді әуенге қуыршақ қимылдарын салады (музыка)	«Біз білетін әндер» ойыны Таныс әндерді қайталау (музыка)	«Кім жылдам?» ойыны Шарты: ертегілердің үзінді тыңдау, танып атауын айту (көркем әдебиет)	Қ/О: «Ұядағы құстар» Шарты: Құсқа ұқсап ұшуды, қонуды, секектеп жүру (ДШ)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Міндеті: оң және сол қолымен 2-2,5метрдегі көлденең нысанаға лақтыра алады. Бір қатар сапқа тұру. Бір қатар тізбекпен жүру және жүгіру. ЖДЖ (Текшемен) Қ/О «Себеттегі доп» Шарты: таңдаған шарлар түсіне сай топтарға бөліну. топтар «себеттерге» доп лақтырып жарысады. Қ/О «Мергендер» Шарты: балалар оң және сол қолдарымен шығыршыққа	Музыка Міндеті: Аспаптың сүйемелдеуімен ән айтуға баулу. Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Музыка тыңдау: «Достық жыры» Валера TV арнасынан Ән айту: «Достық жыры» (М. Балмолда, Д. Байтлеуов) Музыкалық – ырғақтық қимыл ойыны: «Түрлі – түсті шеңберлер» Шарты: Зал ортасына әр түрлі түске боялған шеңберлер	Дене шынықтыру Міндеті: спорттық жаттығуларды орындап, қимылды ойындарға белсене қатыса алады. Бір қатар сапқа тұру шеңбер бойымен жүру. «Үй жануарлары» жаттығулары Қ/О «Төрт түлік мал» Балалар өлеңдерді тыңдап, «лақ» белгісінде секіреді, «құлын» белгісінде «шапқылап» жүгіреді.	Қазақ тілі Міндеті: шағын өлеңдер жаттау, жұмбақтар шешкізу, мәнерлеп айтуға баулу «Миға шабуыл» әдісі Жұмбақ шешу: Ағайынды бәрі, шықса көк, түссе сары (жапырақ) «Не білеміз? ойыны «Идеялар себеті» әдісі Күз тақырыбына суреттерді пайдаланып өз ойларымен бөліседі.	Дене шынықтыру Міндеті: екі аяқпен секіруді қайталайды, бір аяқпен (4-5 рет оң және сол аяқпен) секіре біледі. Бір қатарда сапқа тұрғызу, өлең мазмұнына сай қимылдар жасау. Аппақ қылып өңірді, Қар жауды, қар жауды. Көңілді балалар, Қуанып секірді, секірді. ЖДЖ-лары

<p>қапшықтар лақтырады. Тыныс алу жаттығуы Қ/О «Қоңыздар» Шарты: «Ұшты» белгісінде балалар залда шашырап жүгіреді, «Құлады» белгісінде шалқалап жатып,аяқтары мен қолдарын көтеріп тырбандайды.</p>	<p>қойылады. Қызыл түс марш, жасыл түс вальс,сары түс көңілді би, көк түс ұлттық би. Әуен қосылғанда балалар қай шеңберде билеу керегін тауып тез барып билеуі қажет.</p>	<p>Қ/О «Тауық пен қора» Топтарға бөліну, 1-топ - балапандар, 2-топ - тауықтар, 3-топ - қораздар . Тауықтар балапандарды қорғайды, қораздар балапандарға қолдарын тигізіп ойыннан шығарады. Тыныс алу жаттығуы «Таза ауа» Аз қимылды ойын «Өз үйінді тап» Балалар алаңның бір шетінде отырады, қолдарында үлкен жұмсақ ойыншықтар бар.«Серуенге шығамыз» нұсқауымен балалар алаңда жүреді. «Үйлеріне қайтындар» нұсқауыменөз үйлеріне қарай жүгіреді.</p>	<p>«Топтас, қайтала» ойыны «Топ топпен қайтала» әдісі деңгейлеріне қарай топтарға бөлу 1-топ жоғары, 2-топ орташа, 3-топ төмен.Топтар бір-біріне өленді қайталау арқылы жаттайды. Сергіту сәті: «Жапырақтар» биі Қ/О«Жапырақтарды жина» Музыка Міндеті: Аспаптың сүйемелдеуімен ән айтуға баулу.Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау. Музыка тыңдау: «Достық жыры» Балапан TV арнасынан Ән айту:«Достық жыры» (М.Балмолда, Д.Байтлеуов) Музыкалық – ырғақтық қимыл ойыны: «Түрлі – түсті шеңберлер» Шарты: Зал ортасына әр түрлі түске боялған шеңберлер қойылады. Қызыл түс марш, жасыл түс вальс, сары түс көңілді би, көк түс ұлттық би. Әуен қосылғанда балалар қай шеңберде билеу керегін тауып тез барып билеуі қажет.</p>	<p>доптармен Қ/О«Менің зымыраған көңілді добым» Шарты: балалар арасынан доп таңдалады, балалар «допты» қуып ұстайды. Ойын соңында балалардың бәрі доп секілді секіреді. Қ/О «Секіргіштер» Шарты:балаларды шеңберге тұрғызу , екі аяқпен кезектесіп секіруді үйрету. Тыныс алу жаттығуы Қ/О «Аңшылар мен қояндар» Шарты: карточкалар таңдау арқылы топқа бөліну, аңшылар доп алып екі аяқтап секірген қояндарды доппен атып аулайды.</p>
<p>"Суретті аяқта" ойыны Шарты:балалаларға аяқталмаған көкөністер суреті</p>	<p>"Шебер қолдар" ойыны Балалар қалауы бойынша дайын тарелке суретіне ою-</p>	<p>"Түрлі-түсті шарлар" ойыны Балалар таңдауы бойынша шарлар</p>	<p>«Қуыршаққа арналған дәрумендер» ойыны Балалар таңдауы</p>	<p>Ойын «Суреттер визиткасы» «Мен саған, сен</p>

	<p>беріледі. Балалар қалауы бойынша қылқаламмен не ермексазбен аяқтайды (сурет салу, мүсіндеу)</p> <p>"Құрылысшылар" ойыны</p> <p>Құрылыс материалынан көпір құрастыру (құрастыру)</p> <p>"Қонжыққа сыйлық" ойыны</p> <p>Балалар қонжыққа арнап пирамида жапсырады (жапсыру)</p> <p>"Картоп" ойыны</p> <p>Шарты: екі топқа бөліну, әр топтың алдында бір құрсау-бақша. 1-балада күрек, 2-балада шелегімен картоп, 3-балада су құйғыш, 4-балада бос шелек. Топтағы 1-бала күрекпен бақшаны қазады, 2-бала картоп егеді, 3-бала суарады, 4-бала картопты шелекке жинап алады. (ДШ)</p>	<p>өрнеқ салады, жапсырады немесе табақ мүсіндейді. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)</p> <p>Д/О "Ертегілер елінде"</p> <p>Шарты: балалар ертегілерді суреттері арқылы ажыратады, ертегіні, кейіпкерлерді атайды (көркем әдебиет)</p> <p>Ұлттық ойын "Ақсерек, Көксерек" Шарты: екі топқа бөліну, 1-ші топ. Ақсерек-ау ақ серек Бізден сізге кім керек. 2-ші Ақсерек-ау ақ серек, Сізден бізге (аты) керек</p> <p>Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Өтіп кетсе бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады (ДШ)</p>	<p>суретін салады, жапсырады құрастырады, мүсіндейді (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру)</p> <p>«Суретті құрастыр» ойыны</p> <p>Шарты: үстел үстінде үлгі суреттер мен пішіндер қойылады, балалар пішіндерді пайдаланып сурет құрастырады. (математика негіздері)</p> <p>«Кім жылдам?» ойыны</p> <p>Шарты: ертегілердің үзінді тыңдау, танып атауын айту (көркем әдебиет)</p>	<p>бойынша дәрумендар суретін салады, жапсырады, құрастырады, мүсіндейді (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру)</p> <p>Ұлттық ойын «Тақия тастамақ» Шарты: балалар шеңбер құрып тұрады, көздері жұмулы, бастаушы оларды айналып жүріп біреуінің басына тақия кигізеді. Бала мен бастаушы шеңберді айналып жүгіріп келіп орнына тұруға талпынады, бала үлгермесе өнерін көрсетеді, ойынды әрі жалғастырады (ДШ)</p>	<p>маған» әдісі</p> <p>Шарты: балалар бір біріне қарама-қарсы тұрып, көліктерді сипаттайды, екінші бала сипатталған суретті тауып, атауы керек. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>«Шебер қолдар» ойыны</p> <p>Балалар таңдауы бойынша бағдаршам суретін қызыл, сары, жасыл дөңгелектермен толықтырады. (жапсыру, мүсіндеу, сурет салу, құрастыру)</p>
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау.				
Серуен	Серуен картотекасы №11	Серуен картотекасы №12	Серуен картотекасы №13	Серуен картотекасы №14	Серуен картотекасы №15
Серуеннен оралу	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.				
Түскі ас	Ас мәзірімен таныстыру. Бір-біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.				
Күндізгі ұйқы	«Түлкі мен тырна» ертегісін тыңдату.	«Қу түлкі мен қасқыр» ертегісін тыңдату.	«Шалқан» ертегісін оқып беру	Баяу музыка тыңдайды (музыка)	«Әлди – әлди» әуен аудио тыңдату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқы ашар гимнастикасы «Үлкен болып өсеміз»	Жастықтан біз тұрамыз, Қолымызды созамыз. Аяғымызды жазамыз, Үлкен болып өсеміз.	Ұйқыдан соң балалар, Шаш тарауды ұмытпа Барлығымыз айна алдына келіп, Шаш тараймыз жұмыла	Ұйқы ашар гимнастикасы «Үлкен болып өсеміз»	Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір сумен қолыңды жу. Жуынсан сен егерде, Таза бетің-маңдайың
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру. Бір-біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.				

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>"Кім жылдам?" ойыны Балалар "Күзде" өлеңін (Ү.Байжұманова) мнемокесте арқылы жаттайды. (көркем әдебиет)</p> <p>"Таны да айт" ойыны Шарты: балаларға бір-бірден жеміс не көкөніс суреті беріледі. Бала достарына суретті сипаттайды, достары табу керек (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Біз білетін әндер" ойыны Таныс әндерді қайталау (музыка)</p> <p>"Суреттерді топтастыр" ойыны Заттар санына сай суреттерді топтастырады.(математика негіздері)</p>	<p>"Пайдалы дос" ойыны Қағаздардан кітапша құрастыру (құрастыру) "Ұнатамын күзді мен" тақырыбына суреттер арқылы әңгімелеу (қазақ тілі) «Ою неге ұқсайды?» ойыны Шарты: оюлар суретін қарап олардың атауын табуға талпынады (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Қолғап" ойыны Шарты: балалар шеңбер бойымен отырады, бастаушы балаларды айналып бір баланың артына қолғапты тастап кетеді, бала бастаушыны қуып жетсе бастаушы ойынды қайта бастайды, егер қуып жетпесе тақпақ айтады және өзі бастаушы болады. (ДШ, қазақ тілі) Д/О«Сиқырлы суреттер» Шарты: Суреттер бойынша әңгіме құрауды ұсынады. (Сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Денсаулық шуақтары" ойыны Шарты: ортада күн суреті, балалар күн суретіне шуақтар-суреттер жапсырады және сурет бойынша әңгімелейді (жаттығу жасау денсаулыққа пайдалы т.с.с) (сөйлеуді дамыту) «Қанша болса сонша» Балалар берілген суреттерді санап , сонша дөңгелектерді бояйды. (математика негіздері) «Әженің әлдии», «Аю ақырады» дыбыстық жаттығулары (қазақ тілі)</p>	<p>Ойын «Тура және кері» Балалар қатты және ақырын, ұлдар және қыздар болып тура және кері санауды үйренеді. (математика негіздері) Сюжетті рөлдік ойын «Концерт» Шарты: балалар көрермендер мен әртістерге бөлінеді Көрермендер орындықтарда отырады, қол соғады, гүл сыйлайды. Әртістер ән салып, тақпақ айтып, би билейді (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, музыка)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Қызғалдақпен музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынды таныс дене жаттығуларын орындайды.</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан Нұрқасыммен жұмыс қарапайым сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Балалармен жұмыс: Балалар күз мезгілінің ерекшелігін айтады.</p>	<p>Өркенмен қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйренеді.</p>	<p>Нұрасылды суретпен әңгіме құрастыруға үйрету</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды бақылау. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киімді шкафқа ретімен жинау</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Серуен картотекасы №11</p>	<p>Серуен картотекасы №12</p>	<p>Серуен картотекасы №13</p>	<p>Серуен картотекасы №14</p>	<p>Серуен картотекасы №15</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру.</p>	<p>Психолог кеңесі. (Жеке балаларға)</p>	<p>Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.</p>	<p>Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы.</p>	<p>«Алтын күз» тақырыбына қолдан жасалған бұйымдардан көрмеұйымдастыру</p>